

«БЕКІТЕМІН»

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
Тәрбие жұмыс және әлеуметтік
даму жөніндегі проректоры

Ж.Е.Ішпекбаев
« 19 » 2018 ж.

«Жас қалам» атты әдеби-мәдени клубының ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ережелері

1.1 «Жас қалам» әдеби-мәдени клубы студенттердің бойына адамгершіліктің жоғарғы құндылықтарын сіңіруге қызмет етеді;

1.2 Клубқа қабылданатын студент Университетіміздің (кез келген институтының) студенті болуға міндетті;

1.3 Жыл сайын оқу орнымыздың табалдырығын жаңадан аттаған дарынды студенттерді дәстүрлі түрде қатарға қабылдайды;

1.4 «Жас қалам» өзінің қызметін шығармашылық, қоғамдық, өзге әдеби-танымдық орталармен, өнер, әдебиеттегі белді тұлғалармен бірлесіп атқарады;

1.5 Еліміздегі, әдебиетіміз бен тарихымыздағы атаулы даталарды ескере отырып, оған бей-жай қарамауға және бірлескен түрде оған күш жұмылдыруға, іс-шара өткізуге (Жастар ісі жөніндегі комитеттің нұсқауымен, Тәрбие басқармасының рұқсатымен) ұмтылады;

II. Клубтың міндеттері:

2.1 Клубтың мақсаты – студенттер арасында сөз шеберлікті дамыту арқылы азаматтық ұстанымдары мен көзқарастарын қалыптастыру, ұлтжанды, шыншыл, жоғары білімді, элиталы ұрпақ дайындауға үлес қосу.

2.2 Студент жастар арасында ақындық бағдарламасын дамыту;

2.3 Әрбір жастың тұлғалық қасиеттері мен қабілеттерін қалыптастыру;

2.4 Мемлекеттік тіл – қазақ тілін студент жастар арасында дамыту мен насихаттау, ұлттық тіл шешендігін жаңғырту;

2.5 Өзге жоғары оқу орындарында қызмет атқаратын студенттік әдеби-мәдени клубтармен өзара тәжірибе алмасуға негізделген жолдастық кездесулер, т.б. түрлі деңгейдегі (жалпыуниверситеттік, қалалық, республикалық, халықаралық) мәдени-танымдық шаралар ұйымдастыру.

III. Клубтың ұйымдастырылуы мен қызметі

3.1. Клуб құрылымы:

- Клуб кеңесі

- Жетекші
- Үйлестіруші
- Хатшы

3.2. Клубтың жоғарғы басқару органы – клубтың жалпы жиналысы болып табылады.

3.3. Клубтың жалпы жиналысы клуб мүшелерінен құралады.

3.4. Клубтың әрбір мүшесі жауапкершілікпен жиналысқа қатысады.

3.5. Клубтың жоғарғы басқару органдарының айрықша құзіретіне мынадай мәселелер жатады:

Клубтың жетекшісін сайлау, ұйымдастырушылық құрылымы, өкілеттігін құру.

Клубқа толықтырулар мен өзгерістер енгізу.

3.6. Клубтың жалпы жиналысының құзіретіне кіретін мәселелерді қоспағанда клуб қызметіне байланысты барлық мәселелерді клуб жетекшісі шешеді.

IV. «Жас қалам» әдеби-мәдени клубының әрбір мүшесі:

• Жоғарыда аталған ережелерді орындауға, тұрақты да жауапты мүшесі болуға;

• Өз бойындағы шығармашылық қасиетін ескере отырып, қалалық, облыстық, республикалық деңгейде өтетін мүшәйраларға қатысуға;

• Шығармашылығында қандай да бір өзгерістер, тың жаңалықтар болған жағдайда ең алдымен «Ыстық ұясымен» бөлісуге;

• Клуб заңдарына нұксан келтірмеуге;

• Үнемі өзін дамытуға уақыт бөлуге;

Сондай-ақ, клубтың аға буын, орта буын өкілдері кейінгі толқынға тәжірибелерімен бөлісуге, үлгілі болуға, барлығы сыйластықта жүруге міндеттеледі.

V. Клуб қызметін тоқтату

Клубтың қызметі ерікті түрде тоқтатылады және қайта құрылады. Клуб кеңесінің шешімі негізінде жүзеге асырылады.